

1-БЛОК: Тарих/Зайырлылық және дінтану негіздері

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Алғашқы адамдардың еңбек құралдары
 - A) садақ, найза, тесе
 - B) қырғыш, найза
 - C) үшкір тас, қазғыш таяқ, шоқпар
 - D) қазғыш таяқ, садақ
 - E) шоқпар, тесе, орақ
2. 568 ж. жасалған сауда келісімі
 - A) Түрік мемлекеті мен Византия арасында
 - B) Иран мемлекеті мен Қытай арасында
 - C) Қытай мен Византия арасында
 - D) Түрік мемлекеті мен Қытай арасында
 - E) Батыс Түрік мемлекеті мен Иран арасында
3. Қаңлылардағы металл өңдеудің ірі орталығы
 - A) Қалбатау
 - B) Құйрықтөбе
 - C) Қаратау
 - D) Құлата
 - E) Жезқазған
4. Қазақ жеріндегі мал шаруашылығы мен егіншілікті асқан іскерлікпен біріктірген мемлекет
 - A) Шығыс Түрік қағанаты
 - B) Қимақ қағанаты
 - C) Түрік қағанаты
 - D) Оғыз мемлекеті
 - E) Қарахан мемлекеті
5. Қарахан мемлекетіндегі Шығыс хандықтың орталығы
 - A) Орда
 - B) Үзкент
 - C) Сығанақ
 - D) Янгикент
 - E) Самарқан

6. Тұрсын ханның бүлігінің тарихта аталуы

- A) «Тұрсын ханның ескі жолы»
- B) «Есім ханмен талас»
- C) «Ойрантөбе шайқасы»
- D) «Орбұлақ қырғыны»
- E) «Қатаған қырғыны»

7. Хан алдында шешілген дауда жауапкерден ханға тиесілі болатын мал - мүліктің ... пайызы

- A) 30
- B) 50
- C) 10
- D) 40
- E) 20

8. Ташкент қаласының түбінде Абдаллах ханның әскерін ойсырата жеңген

- A) Есім
- B) Тәуекел
- C) Жәңгір
- D) Хақназар
- E) Қасым

9. Кенесары хандықты ... арқылы басқарды

- A) қарашалар
- B) жасауылдар
- C) билер
- D) сұлтандар
- E) батырлар

10. XIX ғасырдың аяқ кезінде көпке танымал болған қазақ саудагері

- A) Қарашақұлы
- B) Машқарұлы
- C) Жүсіпұлы
- D) Жандыбайұлы
- E) Қоянбайұлы

11. Қазақ революциялық комитетінің басшысы болған тұлға

- A) С. Меңдешев
- B) С. Пестковский
- C) В. Радус-Зенькович
- D) Ә. Жангелдин
- E) М. Фрунзе

12. XX ғасырдың басында «қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналғанын» жазған

- A) М. Жұмабаев
- B) Ә. Бөкейханов
- C) А. Байтұрсынов
- D) М. Дулатов
- E) С. Сейфуллин

13. Қостанай аймағын Қазақстан құрамына қосу қажеттігін жан-жақты дәлелдеген қазақ зиялылары

- A) Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақов
- B) А. Бөкейханов, М. Жұмабаев
- C) М. Шоқай, М. Тынышбаев
- D) С. Сейфуллин, Ж. Аймауытов
- E) А. Байтұрсынов, М. Сералин

14. Дүние жүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өткен уақыт

- A) 1990 жылдың қыркүйек, қазан айларында
- B) 1991 жылдың қыркүйек, қазан айларында
- C) 1992 жылдың қыркүйек, қазан айларында
- D) 1993 жылдың қыркүйек, қазан айларында
- E) 1994 жылдың қыркүйек, қазан айларында

15. Қазақстанның ЕҚЫ-на төрағалыққа ұсынылуы жөніндегі шешім аталған ұйымға мүше . . . мемлекеттің 100 пайыздық келісімімен қабылданды

- A) 100
- B) 56
- C) 53
- D) 50
- E) 150

16. Қазіргі Түркия жерінде ерте замандарда өмір сүрген мемлекет

- A) Урарту
- B) Парсы патшалығы
- C) Хетт патшалығы
- D) Финикия
- E) Ассирия

17. «Тарих» атты еңбектің авторы

- A) Аристотель
- B) Гиппократ
- C) Геродот
- D) Эмпедокл
- E) Демокрит

18. «Феод» сөзінің мағынасы

- A) салық жинау правосы
- B) шіркеу иеліктері
- C) шаруалардың жер үлесі
- D) сыйға берілген жер үлесі
- E) қолөнер шеберханасы

19. 1871 жылғы Герман империясының үкімет басшысының лауазымы

- A) Канцлер
- B) Консул
- C) Президент
- D) Император
- E) Премьер-Министр

20. Батыс Еуропа елдерінде феодалдық құрылыстың негізгі белгілері қалыптасқан кезең

- A) XV-XVI ғасырларда
- B) X-XII ғасырларда
- C) XII-XIII ғасырларда
- D) XIII-XIV ғасырларда
- E) IX-X ғасырларда

21. Луи Пастердің әлемдік ғылымға еңгізген жаңа саласы:

- A) Генеалогия
- B) Биохимия
- C) Цитология
- D) Физиология
- E) Микробиология

22. 1884 жылы Конго бассейнінің басым бөлігіне бақылау орнатқан мемлекет

- A) Германия
- B) Италия
- C) Испания
- D) Египет
- E) Бельгия

23. Экономика саласына елеулі өзгеріс енгізген ғалым зерттеуші

- A) Г. Мюрдаль
- B) Дж. Бьюкен
- C) Э. Тоффлер
- D) М. Фридмен
- E) Дж. Гэлбрайт

24. 1804 - 1808 жылдары жарияланған «Наполеон кодекстерінің» сипаты

- A) азаматтық, құқықтық, демократиялық
- B) азаматтық, қылмыстық, ғылыми
- C) азаматтық, коммерциялық, қылмыстық
- D) азаматтық, діни, қылмыстық
- E) азаматтық, коммерциялық, демократиялық

25. Флоренцияда «Құдіретті комедия» деп аталатын туынды жазған, итальян ақыны:

- A) Микеланджело
- B) Рафаэль
- C) Данте
- D) Леонардо да Винчи
- E) Донателло

26. Қытайдағы тайпин көтерілісі болған кезең

- A) 1830-1844 жылдар
- B) 1860-1874 жылдар
- C) 1820-1834 жылдар
- D) 1850-1864 жылдар
- E) 1840-1854 жылдар

27. 1918 жылы Германиядағы революциялық үкіметті басқарған социал-демократ

- A) К. Реннер
- B) К. Либкнехт
- C) К. Каутский
- D) Ф. Эберт
- E) Р. Гильфердинг

28. Ежелгі грек жазушысы Эсхилдің ірі трагедиялық шығармаларының бірі

- A) «Бұлт»
- B) «Бұғауланған Прометей»
- C) «Сона»
- D) «Антигона»
- E) «Құстар»

29. Араб әдебиетінің ең үздік туындысы:

- A) «Тағдыр кітабы»
- B) «Шахнама»
- C) «Бабырнама»
- D) «Ләйлі мен Мәжнүн»
- E) «Мың бір түн»

30. 1973 жылы Еуропалық экономикалық қоғамдастыққа мүше болған ел:
- A) Финляндия
 - B) Дания
 - C) Португалия
 - D) Швеция
 - E) Норвегия
31. Халыққа миссионерлік жолмен уағыздалатын дін
- A) дәстүрлі емес
 - B) монотеистік
 - C) политеистік
 - D) дәстүрлі
 - E) дуалистік
32. Діннің адам және қоғам өміріндегі рөліне ғылыми тұрғыда баға береді
- A) психология
 - B) философия
 - C) теология
 - D) физиология
 - E) социология
33. Зайырлылық пен дінтану негіздерін оқытудың негіздері
- A) экономикалық жүйені дұрыс құру
 - B) халықарылық жағдайды қадағалау
 - C) рухани мәдени құндылықтарды сақтау
 - D) тарихи қағидаттарды бағалау
 - E) әлеуметтік жағдайларды ескеру
34. Зайырлылық сөзінің басқаша мағынасы
- A) өлшеулілік
 - B) бостандық
 - C) қажеттілік
 - D) тәуелсіздік
 - E) сарамандық
35. VI ғасырдан X ғасырға дейін Қытайдың мемлекеттік діні болған Буддизмді ығыстырып шыққан діни ілім
- A) Брахман діні
 - B) Дао діні
 - C) Христиан діні
 - D) Синтоизм
 - E) Конфуцилік

36. Будда дінінің негізін салған

- A) Силдхартха Гаутама
- B) Джавахарлал Неру
- C) Индира Ганди
- D) Лао-Цзы
- E) Кун-Цзы

37. Зороастризмнің қасиетті кітабын табыңыз:

- A) Інжіл
- B) Ведалар
- C) Авеста
- D) Таурат
- E) Құран

38. Көне үнділер қоғамындағы касталар саны

- A) 2
- B) 4
- C) 10
- D) 5
- E) 3

39. Әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби тұрған қала

- A) Хорезм
- B) Афина
- C) Кардово
- D) Медине
- E) Бағдат

40. Құран кітабында жазылған, кейін ғылыми тұрғыда дәлелденген құбылыс

- A) бұлттарда аттас зарядтардың болуынан жаңбыр жауады
- B) жаңбыр адамдардың қалауы бойынша жауады
- C) Жер біртіндеп Күнге жақындайды
- D) бұлттардың тығыздануынан найзағай пайда болады
- E) әлем үнемі қозғалыссыз бір жағдайда тұрады

41. Әмір Темір тұсындағы салынған сәулетті кесенелердің бірі

- A) Қожа Ахмет Йасауи кесенесі
- B) Алаша хан кесенесі
- C) Жошы хан мазары
- D) Көк кесене
- E) Аяққамыр

42. «Күндіз түні ойымда бір-ақ Тәңірі,
Өзіңе құмар қылған оның әмірі», - деген

- A) А. Құнанбайұлы
- B) Ш. Құдайбердіұлы
- C) М. Шорманұлы
- D) Ы. Алтынсарин
- E) Б. Қалқаманұлы

43. Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының Бас Муфтиін мұсылман құрылтайында сайлау мерзімі

- A) әр екі жыл сайын
- B) әр үш жыл сайын
- C) әр он жыл сайын
- D) әр бес жыл сайын
- E) әр бір жыл сайын

44. Қазақтардың діндарлығына араб- парсы тілдерінен келген «Жұм-жұма» атты қиссаның өте әсерлі, ықпалы мол екенін жазған зерттеуші:

- A) Н. Рычков
- B) В.В. Радлов
- C) И.Г. Георги
- D) Фальк
- E) А. Левшин

45. Жаңа діни қозғалыстарға тән ерекшеліктер

- A) есепшоттарына ақша аудару арқылы арбайды
- B) ілімнің мақсатын жан-жақты дұрыс түсіндіру арқылы
- C) жаңа мүшелерді басын айналдыру арқылы қаратады
- D) ашық түрде қорқыту арқылы соңынан ілестіреді
- E) басқа елдерге оқуға жібереміз деген үгіт жүргізеді

46. Жаңа діни қозғалыстардың діни ілімдері

- A) көне дін ілімдеріне негізделген
- B) бір жүйеге келтірілмеген
- C) мүлдем қағидаттары жоқ
- D) бір жүйеге келтірілген
- E) көне діндерге сүйенген

47. «Дінге еріктілік туралы хат» деген еңбегінде мемлекетті дін бостандығынан бөлек қарастыруды ұсынған ағылшын философын анықтаңыз:

- A) Жан Жак Руссо
- B) Джон Локк
- C) Вольтер
- D) Карл Маркс
- E) Иммануил Кант

48. БҰҰ Бас Ассамблеясының «Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясы» құжаты қабылданған жыл

- A) 1948 жыл 10 желтоқсан
- B) 1960 жыл 15 қыркүйек
- C) 1990 жыл 16 желтоқсан
- D) 1970 жыл 30 тамыз
- E) 1950 жыл 25 мамыр

49. Қазақстан Республикасында _____ келісімнің тұрақты моделі қалыптасқан

- A) экономикалық
- B) ұлтаралық
- C) саяси
- D) психологиялық
- E) әлеуметтік

50. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының маңызды бағыты ретінде _____ диалогты атауға болады

- A) дінаралық
- B) экономикалық
- C) психологиялық
- D) әлеуметтік
- E) экологиялық

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. Әмір Темір мен Тоқтамыстың арасындағы шайқас болған жыл

- A) 1392 жылы
- B) 1393 жылы
- C) 1391 жылы
- D) 1397 жылы
- E) 1395 жылы
- F) 1385 жылы
- G) 1390 жылы
- H) 1380 жылы

52. Н. Ильминскийдің көзқарастарын ұстаным еткен жаңашыл педагог

- A) Ш. Уалиханов
- B) М. Дулатов
- C) А. Байтұрсынов
- D) С. Асфендияров
- E) Ы. Алтынсарин
- F) А. Құнанбайұлы

53. 1852 жылы Ақмолада ашылған жәрмеңкелер:

- A) Тайыншакөл
- B) Қарқара
- C) Петров
- D) Демидов
- E) Константинов
- F) Дмитриев

54. Қарқаралы петициясының нәтижесі:

- A) Сот мәселесі шешілді
- B) Көші-қон аймағындағы тұзды және балығы көп көлдерді қайтарды
- C) Жоғары дәрежелі мемлекеттік органдарға қазақ жұмысшылары сайланатын болды
- D) Ресейдің І,ІІ Мемлекеттік Думаларына қазақтар депутат болып сайланды
- E) Қарқаралы петициясы өз жалғасын Ақмола, Верный қалаларынан тапты
- F) Қазақ тілі мәселесі шешімін тапты
- G) Қазақ жерінде діни әдебиеттердің басып шығуына мүмкіндіктер берілді

55. XX ғасырдың 80- жылдарында Қазақстанда жергілікті халықтың үлесі басым болған облыс

- A) Атырау
- B) Талдықорған
- C) Алматы
- D) Ақмола
- E) Қызылорда
- F) Қарағанды
- G) Торғай

56. Магияның тарихы мен эволюциясын зерттеуші Дж. Фрезердің ойынша магия

- A) ол жоғалғанда дін пайда болады
- B) ошақты қасиетті деп санау
- C) жан мен рух тірі екендігі
- D) қарапайым наным түрі
- E) о дүниедегі рухтарға сену
- F) қарапайым ойлау тәсілі
- G) рух әр затқа дарығын
- H) ол көне дін емес

57. Буддизм дінінің негізгі бағыттары

- A) конфуцизм
- B) синтоизм
- C) тантризм
- D) хинаяна
- E) ламаизм
- F) махаяна
- G) атеизм
- H) даосизм

58. Қазақ даласында орта ғасырлық ислам мәдениетінің орталығына айналған қалалар

- A) Исфиджаб
- B) Сарайлы
- C) Сығанақ
- D) Басқамыр
- E) Мерке
- F) Иассы
- G) Талхир
- H) Баласағұн

59. Төмендегі ұғымдардың христиан дініне қатыстылығы

- A) Тора
- B) Библия
- C) Православие
- D) Пресвитер
- E) Холокост
- F) Нирвана

60. 2009 жылы Бейбітшілік пен Келісім сарайында өткен әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының III съезінде сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев аса назар аударған мәселелер

- A) әлемдік экономикалық дағдарыс
- B) әлемдегі лаңкестік әрекеттер
- C) әлеуметтік ахуалдың жақсаруы
- D) экономикалық прогресс
- E) жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс
- F) материалдық құндылықтар жолындағы бәсеке
- G) адам баласының рухани күйзеліске ұшырауы
- H) рухани даму жетістіктері

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда ағарту ісіне бөлінетін қаржы біртіндеп арта бастады. Бұл жылдары жалпыға бірдей міндетті білім беру ісі қайтадан қолға алынды

61. 1950-шы жж ұйымдастырылған политехникалық мектептердің мақсаты

- A) жеке кәсіпкерлікке үйрету
- B) жоғары оқу орындарына дайындау
- C) жаңартылған білім беру мазмұнында мұғалімдер даярлау
- D) шү тілде оқытуды қолдау
- E) өндірістік еңбекке араластыру, мектептің өмірмен байланысын нығайту

62. Мектептерде политехникалық білім беруге, оқушыларды өндірістік еңбекке араластыруға бағытталған шаралар жүргізілді

- A) 1950 жж
- B) 1930 жж
- C) 1970 жж
- D) 1960 жж
- E) 1940 жж

63. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда мектептерге көмек көрсету үшін, қор жасау үшін ұйымдастырылды

- A) бір айлық еңбек міндеткерлігі енгізілді
- B) «әскери қайырымдылық отрядтары»
- C) қайырымдылық шаралары
- D) шетел инвестицияларын тарту тәжірбиесі
- E) жексенбіліктер

64. 1950-шы жж Қазақстанда мамандандырылған жұмысшыларды дайындау мақсатымен ашылған оқу орындары

- A) ауыл-шаруашылық техникумдары
- B) кәсіптік-техникалық училищелер
- C) ауылдық мамандырылған техникалық колледждер
- D) жұмысшы факультеттері
- E) қалалық мамандырылған техникалық колледждер

65. 1948 ж 200 мыңнан 1955 ж 16 мыңға дейін түскен

A) жұмысшы-жастар мектептерінде қалыптасқан көрсеткіш

B) қазақ тілінде оқытылатын мектептердің саны кеміп кеткендегі көрсеткіш

C) 15 жасқа дейінгі оқуға тартылмай жүрген балалардың саны

D) 8 жылдық білім беруден 11 жылдық еңбек-политехникалық мектептерге өткен кездегі жағдай

E) политехникалық мектептерде оқыған оқушылардың саны

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Қазақ даласында христиандықтың пайда болуы туралы деректер V-VI ғасырларға жатады. Онда христиандықтың несториандық тармағы тарағаны көрсетіледі. IX-X ғасырда Жібек жолымен өтетін христиан миссионерлерінің белсенділігі байқалады. Тараз және Мерке қалаларында христиан шіркеуі болған деген мәліметтер бар. Обалардан христиан тәртібімен қойылған мүрделер табылған. Ислам діні тарағандықтан бұл үдеріс XI ғасырдың соңында толастай бастады. Уақыт өте бұл үдеріс қайта жалғасты

66. Қазақ даласында неміс лютерандарымен бірге келген діни ағым

- A) протестанттық
- B) преветирлік
- C) католик
- D) иудаистік
- E) православие

67. Қазақстандағы шіркеу сәулетшілігінің шыңы болып табылатын Вознесенский Кафедралды соборы _____ кұрылды

- A) 1907 ж
- B) 1909 ж
- C) 1905 ж
- D) 1906 ж
- E) 1908 ж

68. Митрополит, патриарх терминдері қатысты діннің тармағы

- A) протестант
- B) суффизм
- C) баптистік
- D) буддизм
- E) православие

69. Патша үкіметі қазақ даласына орыс шаруаларын _____ кейін жаппай қоныстандыра бастады

- A) 1822 жылғы «Сібір қазақтарының жарғысы»
- B) 1891 жылғы «Дала өлкесін басқару туралы ереже»
- C) 1824 жылғы «Орынбор қазақтарының жарғысы»
- D) 1886 жылғы «Түркістан өлкесін басқару туралы ереже»
- E) 1867-1868 жылғы реформа

70. 1869 жылы Мәскеуде құрылған миссионерлік қоғамның міндеті
- A) «қазақтарды ішімдікке үйрету арқылы дінді енгізу»
 - B) «жабайы халықтарды христиан дініне көшіру»
 - C) «панислам идеясының таралмауын қадағалау»
 - D) «қазақтардан шіркеу қызметкерлерін даярлау»
 - E) «қазақ даласындағы мешіттерді қирату»

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.